

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
АСТАНА ҚАЛАЛЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
МӘШҒҰР ЖҮСІП АТЫНДАҒЫ № 57 ОРТА МЕКТЕП ІШЖҚ МКК

**ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫНЫҢ
2024 – 2025 ОҚУ ЖЫЛЫ
ЖОСПАРЫНА СӘЙКЕС
ЖҮРГІЗІЛГЕН ЖҰМЫСТАРЫНЫҢ
ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ**

Аға-тәлімгер: Дәуренбекова Н.Е.

2024-2025 оқу жылы
ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫ

Мектеп парламенті бұл – оқушылардың өз еріктерімен біріккен ұйымы, мектеп өміріндегі мәдени іс-шаралар мен ағымдағы болып жатқан істерді шешуге белсенді түрде атсалысып, мектепті жарқыратып көрсетеді. Мектеп парламенті бұл – белсенді оқушылар, мектеп өміріне жәй-жәй қарамайтын, өзін-өзі басқару ұйымы арқылы жұмыстарды іске асыратын, өздерінің коммуникативті жіне ұйымдастыру шеберліктерін шындайды.

Мектеп парламенті бұл – белсенді оқушылар, олар мектеп өміріндегі мәселелер мен ағымындағы істерге бей-жәй қарамайды. Бұндай істерге шығармашыл көзбен қарайды. Мектептің алдына қойған мақсаты мен міндеттерін жүзеге асыруға белсене араласады.

Парламент шығармашылығы өзінің бекітілген ережесі негізінде мектеп әкішілігі мен тәрбие жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі.

1. Парламент міндеттері. Мектеп парламенті оқушылардың өкілетті ұйымы болып саналады. Сонымен қатар алдына мына бағыттағы міндеттерді қояды: -Мектеп ортасында өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту; -Азаматтық айқын көзқарас танытуға, адамгершілік қасиеті жоғары ұстауға, оқушылардың рухани мәдениетін көтеруге тәрбиелеу; -Білім алу кезінде мектеп парламенті оқушылардың қызығушылығын арттыруды жүзеге асырады.	2. Жұмыстың түрі мен мазмұны. - мектеп тәрбие жоспарына оқушылардың қызығушылығымен өзгерістер енгізу; - мектепте кездесетін талас тудыратын сауалдарға мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып дұрыс шешім қабылдауға атсалысу; - байқаулар, викториналық ойындар, көрмелер, спорттық жарыстар, ұжымдық шығармашыл істер ұйымдастыру. - мектеп басқару ұйымы жұмысына қатысу.	3. Парламент мүшелері. Сонымен қатар сынып ұжымы ұсынған беделді оқушы жіне өз еркімен парламент жұмысына қызығушылық танытқан оқушы Парламент жиналысында қабылданады. Парламент мүшелері ұжымдық түрде жұмыс атқарады. Ұжымдық топ парламенттің шығармашылық тобы деп аталады. Олар парламентте ұжымдық шығармашылық істерді жүргізеді. Парламентте жұмыс жүргізіп мектеп бітіріп кеткен мүшелері құрметті мүше деп аталады. Оларға мектеп парламентінің жұмысына қосқан үлестері мен дауына атсалысқандары үшін оларға ерекше құрметпен қарайды.	4. Мектеп парламентінің құрылы мен ұйымдастыруы. Мектеп парламентінің жоғары ұйымы болып ұйым мүшелерінің жалпы жиналысы болып табылады. Жалпы жиналыс жылына екі рет қыркүйек жіне мамыр айында өткізіледі. Қыркүйек айының екінші жартысында Парламент Кеңесін, Парламент Президентін басқарып жүргізеді. Президент болмаған жағдайда бұл жұмысты Спикер басқарады. Ол Парламент Кеңесінің ұжымдық интеллектуалдық және шығармашылық істерін ұйымдастырады.
--	--	---	---

	Президент орынбасары және білім министрінен тұрады.
1.	Құқық және тәртіп фракциясы - Мектеп оқушылары арасында болған, талас тудыратын сауалдарға және кеңес мүшелері арасындағы дауды шешуге көмектеседі. -Парламенттегі талас тудыратын сауалдарға нақты дәл шешім табады.
2.	Білім министрi -Мектепте сабақ үлгерімі төмен оқушыларды басшылыққа алып оларға кеңестер беріп, үлгерімі жақсы, алғыр оқушылардың оларға қосымша сабақ беруін қадағалайды. -Мектептегі тоқсандық қорытынды шығаратын жиындарға қатысады; -Мектеп оқушыларының үлгерімі жөніндегі әкішіліктің жиындарына қатыса отырып, өз пікірін білдіруге құқылы; -Оқушылар арасында әлеуметтік мәселелерді қолдауға атсалысады.
3.	Ақпарат фракциясы - Мектептегі анықтама қызметінің жұмысын және мектептің оперативті ақпарын даярлайды; - Мектеп парламентінің Интернетте сайтын құруға, қалалық «Радио баршаға» хабарына шығуға, ұйым шығармашылығы жұмыстарын бұқаралық ақпарат құралдары беттеріне жарық көрсетуіне; - «Мектеп жаңалықтары» мектеп газетіне ұйым жаңалықтарын, қызметін, іс-шарасын насихаттайды
4.	Эрудиттер кеңесі - мектепте пән апталықтарының өтуіне; - интеллектуалы іс-шараларды оқу жылы басында мектеп жұмыс жоспарына енгізуге; - интеллектуалды ойындар, олимпиадалар байқаулар, жарыстар өткізуге көмек көрсетеді.
5.	Экология және еңбек фракциясы - оқушылардың тәртібі мен мектептегі жүрісін қадағалау; - мектептегі қабырға сендтерін безендіруге; - мектептегі оқушылар кезекшілігін үнемі қадағалау, кезекші постарын тексеру жұмыстары жүктелінеді.
6.	Мәдениет және өнер фракциясы - Мектептегі ұжымдық шығармашылық істердің нәтижелі жүргізілуіне көмек көрсету; - Жаңа оқу жылына ұжымдық шығармашылық істерді жоспарлау; - Оқушылардың эстетикалық тәрбие үлгілерін сақтауына ықпал етеді.
7.	Спорт және салауатты өмір фракциясы - спорттық іс-шаралардың жүргізілуін; - оқушылардың салауатты өмір ұстанымын жақтау негізінде акциялар, дөңгелек үстелдер, ток-шоулар ұйымдастыруын басқарады.
8.	Қамқорлық фракциясы -Мектепте қайырымдылық акциясын ұйымдастырады -жан-жануарларды қорғауға, қамқорлық жасауға мектеп оқушыларын ұйымдастырады.

9.	<i>Мектеп президенті</i> <i>- Парламент фракцияларының дұрыс жұмыс жасалуын қадағалайды.</i> <i>-Мектептегі іс-шаралардың ұйымдастырылуын қадағалайды.</i>
----	--

Өзін-өзі басқару ұйымының құрамы

№	Аты жөні	Лауазымы	Сыныбы
1	Асқанбай Балауса	Мектеп Президенті	10 «Б»
2	Кипрәлі Аяулым	Мектеп Вице-Президенті	10 «А»
3	Пердебай Алтынай	Мектеп Вице-Президенті	10 «А»

«АТҚАРУ» ФРАКЦИЯСЫ

№	Аты жөні	Лауазымы	Сыныбы
1	Жұмабекова Жасмина	Ұйымдастырушы	10 «В»
2	Тілеу Аяна	Ұйымдастырушы	9 «Г»

«АЗАМАТТЫҚ» ФРАКЦИЯСЫ

№	Аты-жөні	Лауазымы	Сыныбы
1	Жұмабай Дина	Құқық және тәртіп министрі	9 «В»
2	Сырымбек Аделя	Құқық және тәртіп вице-министрі	8 «Ж»
3	Базен Аяулым	Экология министрі	8 «Б»
4	Жұман Меруерт	Экология вице-министрі	8 «Б»

«БІЛІМПАЗ» ФРАКЦИЯСЫ

№	Аты жөні	Лауазымы	Сыныбы
1	Қали Жансезім	Білім министрі	10 «В»
2	Мұратбекқызы Әлия	Білім вице-министрі	9 «Г»
3	Қарасай Жанель	Білім департаменті	9 «В»
4	Тұрсынбаева Дина	Білім департаменті	9 «В»
5	Бақытжан Нұртас	Спорт министрі	10 «Б»
6	Мұхтар Нұржан	Спорт вице-министрі	9 «В»
7	Исаев Арсен	Спорт вице-министрі	10 «Б»
8	Кипралиева Аяулым	«Дебат» клубының директоры	10«А»
9	Төлепберген Аяулым	«Дебат» клубының директорының Кеңесшісі	8 «А»
10	Күшімбек Ерасыл	«Дебат» клубының директорының Кеңесшісі	8 «Г»
11	Садирова Айкен	«Дебат» клубының директорының Кеңесшісі	8 «А»
12	Мейрамбек Нұрай	Денсаулық департаменті	8 «В»
13	Есенгелді Ақниет	Денсаулық департаменті	8 «В»

«МӘДЕНИЕТ» ФРАКЦИЯСЫ

№	Аты-жөні	Лауазымы	Сыныбы
1	Дарибаева Карина	Мәдениет вице-министрі	9 «Г»
2	Сағынова Аружан	Мәдениет вице-министрі	9 «Г»
3	Толыбек Ақерке	Мәдениет вице-министрі	9 «Г»
4	Шыныбек Ілияс	Мәдениет департаменті	8 «В»

«АҚПАРАТ-МЕДИА» ФРАКЦИЯСЫ

№	Аты жөні	Лауазымы	Сыныбы
1	Қали Жансезім	Ақпарат және медиа министрі	10 «В»
2	Абдіразақ Адия	Ақпарат және медиа департаменті	10 «Б»

Қыркүйек	<i>1 қыркүйек – білім күні «Мектеп – мейірім мекені» «Тілге құрмет – елге құрмет» тілдер мерекесіне орай челленджер Денсаулық күні</i>
Қазан	<i>Мектеп парламентін сайлау комиссиялары, жалпы өтілуін ұйымдастыру Ұстаздар мерекесіне орай «Дублер күні» өткізу. Өзін-өзі басқару күні. 25 қазан – Республика күні Мектеп президентін сайлау</i>
Қараша	<i>Парламент отырысын өткізу «Таза мектеп – таза сынып» 5-11 сыныптар Дидактикалық ойындар «Kahoot» ойыны 5-11 сыныптар Зорлық-зомбылықтың алдын алу «Кибербуллингке қарсымыз!»</i>
Желтоқсан	<i>Парламент отырысын өткізу Мектепшілік / мектеп формасы, оқулық, суық қару, т.б./ рейд Тәуелсіздік күніне іс-шара</i>
Қаңтар	<i>«Қар тазалау» акциясы Парламент отырысын өткізу</i>
Ақпан	<i>Адалдық айы Мектеп парламентінің жұмысы. Контент жүргізу. Дидактикалық ойындар «Kahoot» ойыны 5-11 сыныптар</i>
Наурыз	<i>1 – наурыз Алғыс айту күні «Ана – өмірдің шырағы» 14 наурыз «Көрісу мерекесі» Наурыз мерекесіне орай ұлттық киім күні</i>
Сәуір	<i>Тазалық, денсаулық күні «Менің ағашым» Мектепшілік / мектеп формасы, оқулық, суық қару, т.б./ рейд</i>
Мамыр	<i>1-мамыр Ынтымақ күні 7-мамыр Отан қорғаушылар күні 9-мамыр Жеңіс күні</i>

МЕКТЕП ПАРЛАМЕНТІНІҢ 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ:

Қыркүйек айында жоспарға сәйкес мектебімізде «Мектебім – мейірім мекені» тақырыбында салтанатты шара өткізілді.

Салтанатты шараның мақсаты: жаңа оқу жылының салтанатты ашылуын ұйымдастыру және білім алушылардың білім алуға ұмтылысын, патриотизм, еңбекқорлық, жауапкершілік пен өзара сыйластық қасиеттерін қалыптастыруға ықпал ететін с мерекелік және шабыттандыратын атмосфера құру.

https://www.instagram.com/reel/C_Xn-8xtADZ/?igsh=enNyb20wemQ0NGV3

Білім алушылардың білім алуға ұмтылысын, патриотизм, еңбекқорлық, жауапкершілік пен өзара сыйластық қасиеттерін қалыптастыру мақсатында «Мен үшін қымбат - мектебім!» бейнероликтер түсірілді.

Сонымен қатар «Менің Отаным – Қазақстан!» тақырыбында 1-11 сынып оқушыларына сынып сағаттары өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/C_aqkuONmv_/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFiZA==

Қазақстан халқы тілдері күніне орай «Ұлт ұстазы-Ахмет Байтұрсынұлы» тақырыбында бірқатар іс-шаралар болып өтті. Мақсаты: жалпы адами рухани

құндылықтарға негізделген келісім мен татулықты дамыту, қазақ тілінің мәртебесін биіктету.

Қазақстан халқы тілдері күніне арналған іс-шара жоспарына сәйкес «Мемлекеттік тіл-менің тілім» құттықтау репортажы ұйымдастырылды. Мақсаты: жалпы адами рухани құндылықтарға негізделген келісім мен татулықты дамыту, қазақ тілінің мәртебесін биіктету.

Тілдер мерекесінің басталуына орай «Тіл білгірлері» интеллектуалдық сайысы өткізілді. Сайысқа 9-сынып оқушылары қатысты.

https://www.instagram.com/reel/C_iuZDMNwKq/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Қыркүйек айында жылдық жоспарға сәйкес 7-8 сыныптар арасында «Үш тұғырлы тіл саясатының тиімділігі» атты АПФ, БПФ пікірталас өтті. Пікірталаста қатысушылар тақырыпты ашып, мәселенің шешілу жолдарын айтты. Үштұғырлы тіл саясатының тиімділігі — бұл мемлекеттік тілдің халықаралық қолданыстағы орыс және ағылшын тілдерімен тең қолданылатын биік деңгейге жеткізу, қазақ тілін әлемдік тілдер қатарына қосу үшін нақты ұмтылыс жасау екені қозғалды. Пікірталасқа белсенді қатысқан оқушыларға номинациялар мен дипломдар берілді.

Қазақстан халқы тілдері күніне орай “Тілге құрмет - елге құрмет” тақырыбында челлендж өткізілді. Мақсаты: жалпы адами рухани құндылықтарға негізделген келісім мен татулықты дамыту, қазақ тілінің мәртебесін биіктету, ұлттық байлықты қорғау, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде қамтамасыз ету.

https://www.instagram.com/reel/C_5KuHeNiJN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Отбасы күніне арналған іс-шараның жұмыс жоспарына сәйкес 11 «Ә» сыныбының ұйымдастыруымен «Мықты отбасы-мықты мемлекеттің кепілі» атты дөңгелек үстел болып өтті. Мақсаты: Отбасы дәстүрлерін, салт-дәстүрлерді, жәдігерлерді, ұлттық құндылыққа негізделген әңгімелерді айта отырып, жас ұрпақтың санасына сіңіру.

https://www.instagram.com/reel/C_uew6tNl9w/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Отбасы күніне арналған апталықтың іс-шара жоспары сәйкес «Отбасылық әл-ауқат» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды.

Мақсаты: «Отбасы» құндылығының мәнін ашу арқылы, оқушыларда отбасы мүшелеріне құрмет, ата-анаға деген сүйіспеншілік, отбасындағы өзара сыйластық қасиеттерін дамыту.

Мектебімізде денсаулық күніне орай «Сергіту сәті» челленджі өткізілді. Бастауыш сынып оқушыларымен оқушылардың көңіл - күйін ширатып, белсенділігін арттыру мақсатында тәрбие бөлімі және дене шынықтыру пәні мұғалімдері өзара және оқытушымен қарым – қатынасты нығайту, сергіту сәтін ұйымдастырды.

https://www.instagram.com/reel/C_7gXMQtLQM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Қазан айында жоспарға сәйкес 7-8 сыныптар арасында «Жастар және интернет» атты пікірталас өтті. Пікірталаста жастарға интернеттің жақсы және жаман тұстары айтылды. Оқушылар екі топқа бөлініп интернеттің пайдасы және зиян тұстарын ортаға салып, талқылады. Әр оқушы өз ойларын еркін жеткізіп, ұжымдық шешім қабылдады. Пікірталаста белсенді қатысып, өз ойын анық жеткізе білген қатысушыларға мадақтамалар берілді.

Мектебімізде құндылықтар күніне орай «Өзін-өзі басқару» ұйымы мен мектеп оқушылары іс-шарасы ұйымдастырды.

https://www.instagram.com/reel/DAaxIyQNKGN/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Қазақ халқының дүниетанымында бұрым - сұлулықтың белгісі, қыз-келіншектердің ары мен абыройы. Әрбір қыз баласын белінен төгілген бұрымы мен ақылына қарап бағалаған. Осыған орай «Бұрымды қыз» челленджі ұйымдастырылды. Мақсаты: Қазақ қызының ұлттық сипатын, қазақ қызына тән иба, инабаттылықты нәсихаттау; Ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту.

https://www.instagram.com/reel/DAaxOtNoBz/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектебімізде 5 қазан – Ұстаздар мерекесіне орай мектебіміздің оқушылары құттықтау бейнебаянын әзірледі.

https://www.instagram.com/reel/DA0D9Z-NFPr/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

4.10.2024 жылы мектебімізде «Дублер күні» өткізіліп, Дублер мұғалімдерден кері байланыс алынды.

https://www.instagram.com/reel/DA0EaylNjkQ/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Тәрбие және тәртіп деңгейі бойынша диагностика жүргізу жұмыстары іске асырылып, нәтижесінде мектебімізде сәлемдесу мәдениетін қалыптастыру мақсатында іс-шара ұйымдастырылды.

Қазан айында жоспарға сәйкес 8-9 сыныптар арасында «Ұшқыр ой алаңы» тақырыбында дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: оқушылардың ой өрісін дамыту, демократиялық ойлауын қалыптастыру. Білім алушылардың жалпы мәдени ой-өрісін кеңейту, оқушылар арасындағы академиялық білім деңгейін көтеру, білім алушылардың шешендік сөйлеу өнері дағдыларын және сендіру әдістерін қалыптастыру, зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, зерттеу, ұйымдастыру дағдыларын, коммуникативтік біліктерін дамыту.

Мектебімізде тәрбие үрдісінде білім алушылардың бойында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру мақсатында іс-шара ұйымдастырылды. Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлер арқылы білім алушының санасын қалыптастыруды мақсат еткен бұл шара құндылықтарды дәріптеп, әдет-ғұрыптарды жаңғыртуда маңызды. Құндылықтар күніне орай «Өзін-өзі басқару» ұйымы мен мектеп оқушылары іс-шарасы ұйымдастырды.

Өз ойы мен пікірі бар, шығармашылықпен жұмыс жасай алатын, қабілетті де құзыретті тұлғаны тәрбиелеу мақсатында оқушылар арасында “Ел ертеңі - бүгінгі жас ұландар” тақырыбында дебаттық турнир өткізілді.

Мектебімізде Мектеп парламентінің президентін сайлау іс-шарасы өткізілді. 2024-2025 оқу жылының мектеп Президенттігіне үміткер болып 7 оқушы тіркеліп, өздерінің жұмыс жоспарымен бөлісіп, белсене ат салысты.

https://www.instagram.com/reel/DBTglzmIF0f/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектеп оқушылары әр үміткердің сайлауалды бағдарламасымен танысып, кандидаттарға дауыс берді. Нәтижесінде: мектебіміздің 10Б сынып оқушысы Асқанбай

Балауса басым дауысқа ие болып, Мектеп Президенті болып сайланды. «Іс бастайтын уақыт» мектепішілік Парламент президентін салтанатты түрде ұлықтау рәсімі өткізілді.

https://www.instagram.com/reel/DBjqlIktv-Y/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

☒ **Сайлау бюллетені**
Избирательный бюллетень

МжСП Президентін сайлау
Выборы Президента ШИСП
2024 жылғы 19 қараша

Мектеп Жүйе Ақылды №47 орта мектеп
(Білім беру ұйымының аты, Нәтижелілік, Ұйымдастыру)

Асан Арайлым	☐
Киярзалиева Аяулым	☐
Жұмабекова Жасия	☐
Пердубаева Алтынай	☐
Асқанбай Балауса	☐
Несінбай Алина	☐
Орақбаева Жаннұр	☐
Аширбайқызы Сауле	☐

Мектепішілік
ЖӘНЕ СТУДЕНТТІК
ПАРЛАМЕНТ

Берілген кандидат белгіленген немесе сайлаушының өзі белгілеуі анықтау мүмкін емес
бюллетень жеріменгі деп танылады.
Недостоверным признаётся бюллетень, в котором отмечено более одного кандидата
или в котором невозможно определить желаемого избирателя.

19 қазандағы сайлау
Выборы 19 октября 2024

МжСП Президенттігіне Үміткер
Кандидат в Президенты ШИСП

Сайлау алдындағы бағдарлама
Предвыборная программа
##Мен президентіңің президент

Атқару фракциясы	Бәсекеге қабілетті жастарды қалыптастыру
Азаматтық фракция	Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру
Жоба фракциясы	Интеллектуалды жарыстар, ойындар ұйымдастыру
Event фракциясы	“Дебат” фракциясын дамыту
Медиа фракциясы	“Mekter News” ұйымдастыру
«Біртұтас тәрбие» фракциясы	Жастардың ойын жүйелі жеткізу үшін жағдай жасау
«Жер саяты» фракциясы	

Асқанбай Балауса

МжСП Президенттігіне үміткердің
тегі, аты, әкесінің аты

Фамилия, имя, отчество кандидата
в Президенты ШИСП

Сіздің үміткеріңіз 2024 жылғы сайлауда
Ваш кандидат на выборах 2024 года

25 қазан - Республика күніне орай мерекелік бағдарлама ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларды туған жерін, елін ардақтап өтуге баулу. Бақытқа жетер даңғыл жолдың бірі - туған Отанды сүйуден басталатынын түсіндіру. Отанға деген патриоттық сезімдерін ояту.

https://www.instagram.com/reel/DBxpdKSNz40/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

5 қараша парламент отырысы өтті. Айлық жоспармен танысып, қосымша іс-шаралар ұйымдастырылды. Сондай ақ, әр фракция мүшелерінің міндеттері мен жұмыстары тапсырылды. Қараша айына өтетін іс-шаралардың тізімі жарияланды. Жоспар бойынша өткізілетін іс-шараларды және парламент мүшелерін таныстыру мақсатында мектеп директорымен де кездесу өтті.


https://www.instagram.com/reel/DC80YBqt7xj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектебімізде қарашаның 4-29 аралығында «Таза мектеп-таза сынып» байқауы 5-11 сыныптар аралығында өтті. Байқау барысында:

- Кабинеттің тазалығы;
- Оқушылардың тазалығы (тырнақ, шаш, мектеп формасының болуы);
- Парта-орындық, тақтаның тазалығы;
- Еденнің, қабырғаның тазалығы;
- Терезенің алды және жалюзи, перделердің тазалығы, ұқыптылығы;
- Сынып бұрышының қағаздарының болуы;
- Телефонды сынып жетекшіге өткізуі;
- «8 минуттық оқуға» қатысулары ескерілетін болады.


Ай соңында қорытынды жасалынды. Қорытынды:

Байқаудың мақсаты: Мектеп ішіндегі тазалықты, тәртіпті бақылау және қорытынды жасау.



7-8 сыныптар аралығында «AVIS» дебат клубының ұйымдастыруымен «Тәрбие басы-отбасы» атты тақырыпта пікірталас өтті. Пікірталас 45 минутқа созылды. Пікірталаста өзін жақсы көрсеткен оқушылар алдағы уақытта өтетін мектепаралық пікірталасқа іріктеліп, алынды. Пікірталастың мақсаты: өз ойын анық жеткізе алатын және дәлелдей алатын қатысушыларды іріктеу. Сондай ақ, тәрбие және отбасының маңызы туралы ой қалыптастыру. Қатысушылар «Ең үздік аргумент», «Ең білімді», «Ең үздік спикерлер», «Ең ақпаратшыл», «Ең үздік жақтаушы» атты номинациялармен марапатталды.

https://www.instagram.com/reel/DC4fBDrNjOu/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==



Үзілісте дидактикалық ойындар ойнатылды. Ойынға 5-11 сынып оқушылары қатысты. Мақсаты: Үзіліс барысында оқушыларды сергіту және үзілісті тиімді өткізу.

[https://www.instagram.com/reel/DC8z4wRN78f/?](https://www.instagram.com/reel/DC8z4wRN78f/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==)

[utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==](https://www.instagram.com/reel/DC8z4wRN78f/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==)

«Зорлық-зомбылықтың алдын алу». 5"б" сыныбында жоспарға сәйкес тәрбие сағаты өтті және түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың зорлық-зомбылық туралы түсініктерін біліп, оның алдын алу жолдары түсіндірілді. Сонымен қатар, жағдаяттар беріліп, оның шешімін оқушылар табуға тырысты. Мақсаты: оқушылардың зорлық-зомбылық туралы түсініктерін біліп, оның алдын алу жолдарын түсіндіру. Мәселені шешу арқылы, оқушының түсінігін қалыптастыру, дамыту.

[https://www.instagram.com/reel/DC59-ALtryM/?](https://www.instagram.com/reel/DC59-ALtryM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==)

[utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==](https://www.instagram.com/reel/DC59-ALtryM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==)

Парламент мүшелерінің ұйымдастыруымен «Кибербуллингқа қарсымыз» атты челлендж түсірілді. Мақсаты: мектеп оқушыларына кибербуллинг туралы ақпарат беру және кибербуллингтің алдын алу. Сондай-ақ, буллингтің түрлерімен таныстырып, оның алдын алу жұмыстарын жүргізу. Жауапты: Ақпарат және медиа министрлері-Рақашева Ақерке, Абдиразак Адия. [https://www.instagram.com/reel/DC02H2cN1KZ/?](https://www.instagram.com/reel/DC02H2cN1KZ/?igsh=MWw3Z3RmeXl6NWZkag==)

[igsh=MWw3Z3RmeXl6NWZkag==](https://www.instagram.com/reel/DC02H2cN1KZ/?igsh=MWw3Z3RmeXl6NWZkag==)

Жоспарға сәйкес өзін-өзі басқару ұйымының отырысы өтті. Отырыста парламент мүшелері алдағы жоспарлармен танысты, өз ойлары мен идеяларын қосты. Желтоқсан айы бірлік және ынтымақ айы болған соң көптеген іс-шараларды ұйымдастыру әр фракцияның жұмыс жоспарына жүктелді. Мектеп президенті өзінің ойда жүрген жоспарларымен бөлісті.

29 қараша мектеп парламентінің ұйымдастыруымен өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері Астана қаласы «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығына көңілді кеш өткізді. Кешті мектеп президенті Асқанбай Балауса мен вице-президенті Кипрәлі Аяулым жүргізді. Аяулымның «Елге сәлем» әнімен бастау алған кеште, мәдениет министрі

Шыныбек Илияс «Ерке сылқым», «Тепеңгөк» күйін тартып, қыздар тобы қариялармен бірге көңілді би биледі. Көңілді әндер шырқалып, ойындар ойнатылды.

Мақсаты: Қарияларға мейірім мен қуаныш сыйлау, қазақ халқының мәдениеті мен өнерін паш ету. Әрбір көрсетілген өнер арқылы көтеріңкі көңіл-күй сыйлау. Қарт адамдардың әлеуметтік байланыстарын нығайту және жалғыздықты жою мақсатында өткізілетін шаралар олардың психологиялық жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді. Сондай ақ, кеш барысында түрлі ойындар, әндер мен әңгімелер арқылы олар өткен өмірлерін еске түсіріп, өмірден алған тәжірибелерімен бөлісуге мүмкіндік алады.

https://www.instagram.com/p/DDByO3eNR4J/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

8-9 сыныптар арасында парламент дебат клубының ұйымдастыруымен «Мектептерде қаржылық сауаттылықты оқыту керек пе?» деген пікірталас өткізілді. Пікірталасқа оқушылар өте белсенді қатысты. Жалпы мектептерде қаржылық сауаттылықты оқыту керек пе деген сауалға өз ойларын, нақты аргументтермен жеткізе білді. Ойын соңында қорытынды жасалып, топтар марапатталды.

https://www.instagram.com/reel/DC81O8Ptth/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Апта сайын мектепшілік/мектеп формасы, оқулық, суық қару, т.б./ рейд жүргізілді. Рейд жүргізілу барысында ескертулер де жасалды. Апта сайынғы тексеру жақсы нәтиже берді.

Жоспарға сәйкес мектебімізде Тәуелсіздік күніне орай бірқатар іс-шаралар жүргізілді. Парламент мүшелері Тәуелсіздік күні қарсаңында мектеп фойесін безендірді. Сондай ақ, мектебімізді өткен «Тәуелсіздік – елімнің еркін жолы!» атты мерекелік салтанатты іс-шараға қатысып, ұйымдастыруға атсалысты. Парламент мүшелері, құттықтау видеосын түсіріп, барша қазақстандықтарды мерекемен құттықтады.

https://www.instagram.com/reel/DDq4CN6NkgK/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==


Қазақстан Республикасының 16 желтоқсан – Тәуелсіздік күніне арналған іс-шара және дебат клубының жоспарына сәйкес «Тәуелсіздік – мәңгілік елдің тұғыры» атты АПФ, БПФ пікірталас ұйымдастырылды. Дебатқа 9 сынып оқушылары белсене қатысты. Сондай ақ, 7-8 сыныптар арасында «Тәуелсіз елдің жастары» атты дөңгелек үстел өтті.

Жыл соңында Жаңа Жыл қарсаңына орай мектебімізде өте көп іс-шаралар өткізілді. 1-4 сыныптар арасындағы және 5-7 сыныптар мен 8-11 сыныптар арасында ертеңгіліктер, көңілді би кештері мен балмаскарадттарға мектеп парламентінің мүшелері ерекше атсалысып, белсенді қатысты. https://www.instagram.com/reel/DEHjNBBNqdC/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Жалпы мектеп парламентінің мүшелері оның ішінде ұйымдастырушылар мен мәдениет министрлері айрықша көзге түсті. Себебі, жоспар бойынша және жоспардан тыс да іс-шараларды ұйымдастырды.

Фракция бойынша белсенділік деңгейі

■ "Атқару" фракциясы ■ "Азаматтық" фракциясы ■ "Білімпаз" фракциясы
■ "Мәдениет" фракциясы ■ "Ақпарат-медиа" фракциясы



Өзін-өзі басқару ұйымының жұмыс жоспарына сәйкес парламент отырысы өтті. Отырыста қаңтар айында жасалатын жұмыстар мен жаңа ойлар айтылды. Мектеп президенті парламент жұмысын қарқынды жүргізу үшін біршама іс-шараларды өткізуді ұсынды. Парламент құрамы толықтырылды және әрбір фракция қызметі бойынша жоспарлар берілді.

<https://www.instagram.com/p/DEzDLZzNWE0/?igsh=MXN3MjV0ZmtmdzJwNQ==>

10-сынып оқушылары мен мектеп парламентінің мүшелері Астана қаласы Мектепішілік және студенттік Парламентінің ұйымдастыруымен өткізіліп жатқан “Қар десанты” еріктілер эстафетасына белсенді қатысты. Оқушыларымызға қауіпсіздік ережесі түсіндіріліп, көңілді флешмоб биінен соң қар тазалау жұмыстары жүргізілді.

<https://www.instagram.com/reel/DFXhiYNAHT2/?igsh=MWhzNDdjMGJua2NycQ==>

Мектеп парламенті мен кітапхана меңгерушісінің ұйымдастыруымен “ReadX” өткізілді. Бұл аптаға ұсынылған кітап: Оң қол. Авторы: Төлен Әбдік. “Оң қол” әңгімесі - жазушының 25 жасында жазған, оқырмандар арасында әлі де танымал шығарма. Оқушыларымыз кітапты оқып ғана қоймай, оның негізгі идеясын өздері қалай түсінгені, сезінгені туралы талдау жасады.

<https://www.instagram.com/reel/DFev4rnMvk3/?igsh=Y20zbTBtMmlydHdp>

Мектеп парламентінің білім министрлері 6 “Ж” сыныбына “Тәртіпсіз ел болмайды” тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатының мақсаты: оқушыларға тәртіптің оқу барысында маңызды екенін түсіндіру. Оқушыларды әдептілік пен инабаттылыққа,

мейірбандылық пен татулыққа, төзімділік пен парасаттылыққа баулу, ата – аналарымызға ұлтымызға жат қылықтардан ұл мен қыз баланы қорғау қажеттілігі туралы ой салу, ортаға ой салу барысында бала тәрбиесіне көңіл бөлу.

<https://www.instagram.com/p/DFpgbaMg8XC/?igsh=MTc5Z2x6Y2twY3JrMQ==>

Мектебімізде мәдениет және тәрбие министрлерінің ұйымдастыруымен “Көңілді үзіліс” өткізілді. Көңілді үзіліс сайыстарына оқушылар белсенді қатысты. Мектеп оқушылары өздерін білімдерін де, физикалық тұрғыдан да сынап көрді.

<https://www.instagram.com/reel/DFpgqMrAAnW/?igsh=MW5ka3lza2FnZ2Q5>

Мектеп парламенті, тәртіп фракциясының ұйымдастыруымен “Бұрымды қыз” акциясы өткізілді. Акцияға әр сыныптың қыздары белсенді қатысты. Тәлім-тәрбиелік мәні бар акцияның мақсаты қыз балалардың шаш үлгісін дұрыстау, қалыпқа келтіру, мектеп мәдениетіне сай болу.

<https://www.instagram.com/reel/DFspYRRA3nj/?igsh=MXFmMmt3bW4xaG11Zg%3D%3D>

«Таза-Қазақстан» акциясы аясында 5-сынып жас зерттеушілеріне мектеп парламентінің экология министрі Мұхит Дарина «Салауатты өмір және Экологияны қорғау» тақырыбында практикалық, сыныптан тыс сабағын өткізді. Мақсаты: оқушыларға практикалық сабақ арқылы постер жасату және оның мазмұнын ашу, әрі қарай зерттеуге кірісу үшін талаптарға сай болуын қадағалау.

<https://www.instagram.com/reel/DF68fjutGI9/?igsh=MWwxaDEyMHVrajJsbQ==>

Ақпан айы – адалдық айы. Адалдықты талап ету үшін адалдықты өзімізден бастау керек! – деген, тұжырыммен, мектеп вице-президенті Кипрәлі Аяулым оқушыларға мектепішілік тәртіпті сақтауға және оны бұзбауға шақыру мақсатында әлеуметтік желіде бейнероликтер мен фотолар жариялады.

https://www.instagram.com/p/DGN1o64sDS0/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFiZA==

«Өзін-өзі басқару ұйымының» ұйымдастыруымен мұзбалақ ақын Мұқағали Мақатаевтың туған күніне орай «Мұқағали мұрасы – ұрпақ қазынасы» атты мектепішілік әдеби сазды кеш өткізілді! Мақсаты: Қазақ поэзиясының мұзбалағы атанған ақынның өмірі, шығармашылығымен таныстыру, ақын өлеңдері арқылы оқушылардың Отанға, халқына, тілге деген сүйіспеншілік сезімдерін ояту, отаншылдыққа тәрбиелеу.

https://www.instagram.com/reel/DGM5u6Kt4Q4/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFiZA==

Мектебімізде өзін-өзі басқару ұйымының жоспарына сәйкес әр апта “Көңілді үзіліс” өткізіледі. Соған сәйкес 1-11 сыныптар арасында «Cinema Quiz» викториналық сұрақтардан тұратын сайыс өткізілді, аталған іс-шараға оқушылар белсенді қатысып, үзіліс барысын тиімді пайдаланды.

https://www.instagram.com/reel/DEzC6liNugu/?utm_source=ig_web_copy_link

Мектебімізде өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен 1 наурыз Алғыс айту күніне орай “Алтын жүрек” челленджі ұйымдастырылды. Оқушыларымыз “Алтын жүрек” тақтасында ұстаздарға өз алғыстарын білдіріп, тілектерін жазды.

https://www.instagram.com/reel/DGkIdQNZjj/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Мектеп парламентінің мүшелерінің ұйымдастыруымен Алғыс айту күніне орай бейнеролик түсірілді. Оқушыларымыз барлық мамандық иелеріне алғыстарын білдіріп, тілектерін айтты.

https://www.instagram.com/reel/DGkThd_gXns/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

2 наурыз күні өткен “Астана - есірткісіз қала” атты “Esil RUN” бұқаралық жүгірісіне, мектеп парламентінің оқушылары қатысып, марапатталды.

https://www.instagram.com/reel/DGtXN3Jg3I9/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

8 наурыз - Халықаралық Әйелдер мерекесіне арналған МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ 🌸! Тәрбие бөлімінің ұйымдастыруымен “Промышленный” кентіміздің ақ жаулықты әже мен ардақты аналарына арналған мерекелік кеш өткізілді! Оқушылар кент қарияларына өз өнерлерімен көтеріңкі көңіл күй сыйлап, құрмет көрсетті. Ата, әжелеріміз балаларына батасын беріп, алғыс білдірді.

https://www.instagram.com/reel/DHBEjY8NnZy/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

Өзін-өзі басқару ұйымының (Мектеп Парламенті) ұйымдастыруымен 8 Наурыз - Халықаралық Әйелдер мерекесіне арналған «Ана деген - теңдесі жоқ ұлылық» атты мерекелік іс-шара өткізілді! 🌸 Мақсаты: Ана жайлы тамаша сөздер, өлеңдер, әндер арқылы ұстаз-аналар мен аруларды мерекемен құттықтау, оқушыларды мейірімділікке, ұстамдылыққа тәрбиелеу, ұстазға, ата-анаға деген құрмет сыйын арттыру, ана еңбегін қадірлей білуге үйрету.

https://www.instagram.com/reel/DHBGhN4NzsF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

«14 наурыз – көрісу күніне» арналған мерекелік шара өтті. Оқушылар бір-бірін көрген кезде, амандық-саулықтан кейін «Бір жасыңмен!» деп қол алысты. Мақсаты: өскелең ұрпаққа, музей көрермендеріне қазақ халқының салт-дәстүрлері, әдет-ғұрыптары туралы терең мағлұмат беру. Қазақ халқының салт-дәстүрін көрсету. Қазағымыздың салт дәстүрлерінің бірі – көрісу күнінің ерекшелігімен таныстыру.

https://www.instagram.com/reel/DHLmdRMp_l/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRIODBiNWFIZA==

18 наурыз Наурызнамаға сәйкес Ұлттық киім күніне мектебіміздің оқушылары және парламент мүшелері Qazaqstan спорткомплексінде өткен 3000 қыздан құралған Қамажай биін билеп, қатысты. Мақсаты: Қазақтың ұлттық киімін, салт-дәстүрін дамыту және халқымыздың қыз баласына тән тәрбиесін көрсететін ұлттық биімізді билеу. Флешмоб ерекше сәтпен аяқталды: көрермендер би билеген оқушы қыздарға қосылып, олардың қимылын қайталады. Сол сияқты биші қыздар қызғалдақ гүліне ұқсап, әдемі көрініс жасады. Мектебімізден 25 оқушы қыз қатысты.

https://www.instagram.com/p/DHaF3Sqt7j3/?utm_source=ig_web_copy_link

«Тәжірибеден- шеберлікке, еңбектен- нәтижеге» атты тәлімгерлер апталығына орай өзін-өзі басқару ұйымы «Әдеп және мәдениет» тақырыбында 6-8 сыныптар арасында дөңгелек үстел өткізді. Мақсаты:

- Әдептілік пен мәдениеттің қоғамдағы маңызын түсіндіру.
 - Әдептілік нормалары мен мәдени құндылықтар туралы білімдерін толықтыру.
 - Сыныптастарымен, үлкендермен және қоғамда әдепті қарым-қатынас жасауға үйрету.
- Дөңгелек үстел барысында оқушылар бір-бірімен пікір алмасып, әдептілікке байланысты түрлі ойындар ойнап, әртүрлі жағдаяттарда әдепті шешім қабылдауға ынталандырылды.

https://www.instagram.com/reel/DIbLeSSsEBA/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Сәуір тазалық және денсаулық айына байланысты және де «Тәжірибеден- шеберлікке, еңбектен- нәтижеге» атты тәлімгерлер апталығына орай өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен 6 сыныптар арасында «Дені саудың – жаны сау» спорттық командалық сайысы өтті. Мақсаты: Оқушылар арасында салауатты өмір салтын насихаттау; Спортқа деген қызығушылықты арттыру; Дене шынықтыру арқылы оқушылардың физикалық белсенділігін дамыту; Командалық рух пен ұйымшылдықты қалыптастыру; Оқушылардың бір-бірімен достық қарым-қатынасын нығайту.

https://www.instagram.com/reel/DIdvdBBMB9s/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен 8 сыныптар арасында “Жас кемеңгер” зияткерлік ойыны өткізілді. **“Жас кемеңгер”** — бұл 8-сынып оқушылары арасында өткізілген танымдық-зияткерлік сайыс. Ойын барысында қатысушылар әртүрлі пәндер мен жалпы дүниетанымға қатысты сұрақтарға жауап беріп, логикалық тапсырмаларды орындау арқылы өз білімдерін сынға салды. Іс-шараны Өзін-өзі басқару ұйымы ұйымдастырып, оқушылардың шығармашылығын, тапқырлығын және білімге деген ынтасын арттыруды мақсат етті. Ойын тартысты, қызықты форматта өтіп, қатысушыларға жақсы көңіл-күй сыйлады.

https://www.instagram.com/reel/DIGMMkrJAB3/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектебімізде “Қоғамға қызмет ету - әрбір адамның борышы” экокеллендж бастауы ретінде 5-10 сыныптар флешмоб биледі. **Мақсаты:** Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру; Қоғамға пайдалы іс жасауға баулу және азаматтық жауапкершілікті арттыру; Флешмоб арқылы оқушылардың белсенділігін, ұйымшылдығын, шығармашылығын дамыту;

Бұл іс-шара оқушылардың табиғатты аялауға, қоғамға қызмет етуге бағытталған игі істерге белсене араласуына жол ашты. Флешмоб арқылы балалар қоршаған ортаға қамқорлықпен қарау идеяларын би қимылдары арқылы жеткізді. Бұл бастама экочеллендждің жарқын әрі серпінді бастамасы болды және алдағы экологиялық іс-шараларға жол ашты.

https://www.instagram.com/reel/DIjOlu4MdMD/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

“Ұлттық мұра - ұрпақтан ұрпаққа” халық ауыз әдебиетін талдау мақсатында Қозы Көрпеш-Баян Сұлу жыры талқыланды. Іс-шара барысында жырдағы кейіпкерлердің бейнесі, оқиға желісі, ұлттық тәрбиелік мәні мен мәңгілік махаббат тақырыбы талданды. Шара оқушылардың көркем әдебиетке деген қызығушылығын арттырып, ұлттық мұраға деген құрметін нығайтуға ықпал етті.

https://www.instagram.com/reel/DIillulnAhMF/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектебімізде Республикалық “Таза Қазақстан” жалпыұлттық экологиялық акциясы аясында “Менің ағашым”, “Түлектердің ағаш егуі” 11 Ә, 9 Г сынып түлектері арасында эко-челлендж өткізілді. Оқушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру, табиғатқа жанашырлықпен қарауға тәрбиелеу, қоршаған ортаға деген жауапкершілік сезімін дамыту және туған жердің экожүйесін жақсартуға жеке үлес қосуға ынталандыру. Сонымен қатар, оқушылардың бойында елдің табиғи байлықтарын сақтау мен көбейтуге бағытталған тұрақты экологиялық көзқарасты қалыптастыру.

https://www.instagram.com/reel/DI3fW7VscVM/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

1 мамыр Қазақстан халықтарының бірлігі күніне орай мектебімізде 7–8 сынып оқушыларының қатысуымен “Ұлттар достығы” атты би фестивалі өтті. Әр ұлттың биі – оның рухы, мәдениеті мен тарихы. Бұл шара достық пен татулықты дәріптеп, оқушылардың өнерге деген сүйіспеншілігін, сахна мәдениетін көрсетті. Оқушылар түрлі ұлттардың ұлттық билерін билеп, көрерменге жарқын көңіл-күй мен рухани әсер сыйлады.

https://www.instagram.com/reel/DIyXzimpbLH/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

2025 жылдың мамыр айында мектебімізде халқымыздың жүрегіндегі ең қасиетті ұғымдардың бірі – Отанға деген сүйіспеншілік, бейбіт өмірдің қадірі мен жауынгерлік рух туралы сыр шертетін “Жеңістің 80 жылдығын” мерекелеуге арналған патриоттық лездеме ұйымдастырылды. Іс-шара барысында оқушылар Ұлы Отан соғысының тарихи маңызымен, ерлікке толы оқиғалармен және майдангер аталарымыздың жауынгерлік жолымен танысты. Лездеме аясында оқушылар патриоттық өлеңдер оқып, көріністер көрсетті, соғыс ардагерлеріне арналған жылы лебіздерін жеткізді. Бұл шара жас ұрпақтың бойында елге, жерге деген құрмет пен Отанға адал қызмет етуге деген құлшынысын арттыруға бағытталды.

https://www.instagram.com/reel/DJUOE8QsJC_/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

Мектебімізде мектеп парламентінің ұйымдастыруымен «ЕҢ ЖОҒАРЫ САПА-2025» атты 2024-2025 оқу жылы бойынша оқу және тәртіп сапасына қорытынды байқау өткізілді. Байқау 2024-2025 оқу жылының 1-4 тоқсан аралығында сыныптың оқу және тәртіп сапасын бақылау арқылы жүзеге асты. Оқу жылын аяқтау барысында және қорытынды шығарған соң ұсынылған номинацияны «ЕҢ ЖОҒАРЫ САПА-2025» 5 «Д» сыныбы жеңіп алды, сыныпқа 2025-2026 оқу жылында мектепшілік 1,5 айлық тегін қосымша сабақ алу мүмкіндігі берілді. Және де, «ЕҢ ҮЛГІЛІ ТӘРТІП – 2025» атты номинацияны 8 «Б» сыныбы жеңіп алды.

https://www.instagram.com/reel/DKHEDeEJTP/?utm_source=ig_web_copy_link&igsh=MzRlODBiNWFlZA==

МЕКТЕБІМІЗДЕ «ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫНЫҢ» ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫНА СӘЙКЕС ТҮРЛІ БАҒЫТТАҒЫ МАЗМҰНДЫ ІС-ШАРАЛАР МЕН ЖОБАЛАР СӘТТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛДЫ.

ҚЫСҚАША НӘТИЖЕЛЕРІ ТӨМЕНДЕГІДЕЙ:

◆ Парламент жұмысы

Жаңа оқу кезеңінде Парламент отырысы өтіп, фракциялардың бағыттары мен жұмыс жоспары бекітілді. Парламент құрамы жаңартылып, белсенді жұмыс басталды.

◆ Еріктілік және патриоттық бағыт

- "Қар десанты" акциясы арқылы оқушылар қоғамдық пайдалы еңбекке тартылды.
- «Жеңістің 80 жылдығы» аясында патриоттық лездеме өткізілді.
- «Esil RUN» жүгіру марафонына қатысып, салауатты өмір салтын насихаттады.
- «Менің ағашым», «Түлектердің ағаш егуі» секілді эко-челленджерге белсенді қатысты.

◆ Рухани-адамгершілік және әдеби бағыт

- "ReadX" жобасы, "Оң қол" әңгімесін талдау, Қозы Көрпеш – Баян Сұлу жырына әдеби талдау ұйымдастырылды.
- Мұқағали Мақатаевтың туған күніне арналған әдеби-сазды кеш өтті.
- Алғыс айту күніне бейнеролик пен челлендж ұйымдастырылды.

◆ Мәдени және ұлттық тәрбие

- 8 наурыз, 14 наурыз, 1 мамыр мерекелеріне арналған концерттік, дәстүрлік шаралар өтті.
- «Ұлттық киім күні» аясында 3000 қыздың қатысуымен Қамажай би флешмобына 25 оқушымыз қатысты.

◆ Тәрбие және тәртіп бағыты

- «Тәртіпсіз ел болмайды» атты тәрбие сағаттары өткізілді.
- «Бұрымды қыз» акциясы қыз тәрбиесіне бағытталды.
- «ЕҢ ҮЛГІЛІ ТӘРТІП – 2025» номинациясын 8 «Б» сыныбы иеленді.

◆ Білім және зияткерлік бағыт

- «Жас кемеңгер» зияткерлік сайысы өткізілді.
- «Cinema Quiz», «Әдеп және мәдениет» атты танымдық шаралар арқылы оқушылар білімдерін жетілдірді.
- «ЕҢ ЖОҒАРЫ САПА – 2025» байқауын 5 «Д» сыныбы жеңіп алды.

◆ Салауатты өмір салты мен экологиялық бағыт

- «Дені саудың – жаны сау» спорттық жарысы өтті.
- «Салауатты өмір және экология» тақырыбында практикалық сабақтар ұйымдастырылды.
- Экочеллендж және экологиялық флешмобтар оқушылардың белсенділігін арттырды.

Өзін-өзі басқару ұйымының бастамасымен өткізілген бұл іс-шаралар оқушылардың шығармашылық, зияткерлік, әлеуметтік және рухани дамуына оң әсер етті. Оқушылар өздерінің белсенділігін, ұйымшылдығын көрсетіп, мектеп өміріне ерекше серпін берді. Жалпы екінші жарты жылдықта мектеп парламентінің мүшелері оның ішінде білім министрлері мен мәдениет министрлері, құқық министрлері айрықша көзге түсті. Себебі, жоспар бойынша және жоспардан тыс да іс-шараларды ұйымдастырды. Білім министрлеріне келетін болсақ, интеллектуалды сайыстар мен викториналарды және тәрбие сағаттарын көбірек өткізді. Мәдениет министрлері, ұсынылған жоспар бойынша және жоспардан бөлек іс-шараларды ұйымдастырды және белсенді қатысты. Мәдениет министрлері мектеп өмірінің мәдени саласына үлкен үлестерін қосты деп санаймын. Құқық және тәртіп министрлері туралы айта кететін болсақ, жалпы мектепшілік рейдтерді жүйелі жүргізді және кезекшілік деңгейін белсенді ұйымдастырды.

Қорытындылай келе, мектеп парламентінің жұмысы – оқушының тек білім алып қоймай, қоғам өміріне белсенді араласатын, жан-жақты дамыған тұлға болып қалыптасуына мүмкіндік беретін маңызды алаң. Алдағы оқу жылында осы жетістіктерді одан әрі жетілдіре отырып, жаңашылдық пен шығармашылықты қатар ұштастырған жұмыс үлгісін жалғастыру ұсынылады.

КЕЛЕСІ ОҚУ ЖЫЛЫНА ҰСЫНЫСТАР

◆ 1. Парламенттің жұмысын жүйелеу және цифрландыру:

- Ай сайынғы есеп беру, жоспарлау, нәтижені жариялау жүйесін Google Forms немесе мектеп платформалары арқылы цифрлы түрде іске асыру.
- Әр фракция өз парақшасын немесе жұмыс журналын жүргізіп, ашықтықты қамтамасыз ету.

◆ **2. Оқушы көшбасшыларын дамыту:**

- Лидерлік қабілетті дамытуға бағытталған тренингтер мен семинарлар ұйымдастыру.
- Мектепішілік және қалалық деңгейде дебат, TEDx форматындағы сөз сөйлеу жарыстарын өткізу.

◆ **3. Ұлттық тәрбие мен тарихи сананы тереңдету:**

- "Ұлт тарихын танып-білу" жобасы аясында тарихи тұлғаларға арналған ашық сабақтар, экскурсиялар ұйымдастыру.
- Этнофестиваль немесе "Ұлттық мұра апталығы" өткізу.

◆ **4. Қамту аясын кеңейту:**

- 1–11 сыныптардың барлығын қамтитын "Апталық мини-проекттер" ұйымдастыру.
- "Мектептің үздік еріктісі", "Айдың үздік тобы" номинацияларын дәстүрге айналдыру.

◆ **5. Сыныптар арасындағы ынтымақтастықты арттыру:**

- Аралас командалар арасында жобалық тапсырмалар ұйымдастыру (мысалы: «Жас зерттеуші күні», «Шеберлер алаңы»).
- Менторлық жүйе: жоғары сынып оқушылары төменгі сыныптарға көмек көрсету жобаларын жүзеге асыру.

◆ **6. Бейнероликтер мен әлеуметтік желі жұмысын күшейту:**

- Оқушылардың өздері түсіретін мотивациялық, тәрбиелік роликтер жобасы.
- Парламенттің Instagram парақшасын тұрақты жүргізу үшін арнайы медиа команда құру.

Аға-тәлімгер:

Н.Е.Дәуренбекова